

Сабақтың тақырыбы:

Пифагор теоремасы

Геометрия , 8 - сынып

Татабай Мәншүк Бегендікқызы

Байғанин ауданы, Байғанин орта мектебі



Сабақтың мақсаты мен міндеттері:

Оқушылардың тақырып бойынша алған білімдерін тереңдетіп, жинақтау, жүйелеу, бекіту; сын тұрғысынан ойлауға үйрету; логикалық ойлау қабілеті мен дағдыларын жетілдіру, белсенділіктерін, математикаға деген қызығушылықтарын арттыру; оқуға, саналы сезімге, жауапкершілікке, өз бетінше еңбектенуге тәрбиелеу


Оқу нәтижесі:

- Құнды пікір айтуға, басқаның ойын сыйлауға үйренеді.
- сыныпта диалогтік әңгіме дамиды.
- Топпен бірлесе жұмыс жасай отырып, балалар еркін ойлауға қалыптасады.

Топқа бөлу



Топты бағалау парақшасы



Оқушының аты жөні	Тапсырма бөліктері						
	Блиц тест	Топтық жұмыс	Жұптық жұмыс	Проблем алық сұрақ	рефлекс ия	барлығы	

Блиц – тест (Ми шабуылы)

1. Пифагор теоремасы қандай үшбұрыш үшін қолданылады ?

А) тікүшбұрышты В) теңбүйірлі С) теңқабырғалы

2. Тікбұрышты үшбұрыштың неше төбесі бар ?

А) 6 В) 4 С) 3

3. Төменде берілген сандардың қайсысы тікбұрыштың үшбұрыштың қабырғасы бола алады?

А) 3;4;2 В) 3;4;5 С) 6;5;7

4. Тікбұрышты үшбұрыштың катеттері 8 және 6 см.

Гипотенузасы нешеге тең?

А) 10 В) 4 С) 8

5. Гипотенузасы 13 см, катеті 5 см болатын тікбұрыштың үшбұрыштың екінші катетін тап?

А) 15 В) 12 С) 17

Тест кілті:

1. А

2. С

3. В


4. А

5. В



Пифагор
теоремасының
заманауи
тұжырымдамасы”

$$c^2 = a^2 + b^2$$




«Тікбұрышты
үшбұрышта катеттерінің
квадраттарының
қосындысы
гипотенузаның
квадратына тең».

Пифагор заманында
бұл тұжырымдама
былай болған:



«Гипотенузада
салынған квадрат,
катеттерінде салынған
квадраттарының
қосындысына теңбе
тең».



Топтық жұмыс /модельдеу процесі/ Бірлесіп шешуге 3 топқа 3 түрлі тапсырмалар беріледі.

Оқушылар қалауы бойынша Қазақстанның кереметтерінің үшеуін таңдайды, сол кереметтің артындапәнге қызығушылығын, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында жасырылған қызықты есептерді орындайды.



Арыстанб
аб

Тайқазан

АЛТЫН
адам